

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№1(126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика	8
<i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...	16
<i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы	39
<i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы	54
<i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі	61
<i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы	69
<i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында	77
<i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары)	84
<i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері	94
<i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чижованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде)	104

Лингвистика

<i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері	120
<i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері	127
<i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті	135
<i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі	157
<i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі	165

Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

<i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару	173
<i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру	183
<i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині)	191

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext	8
<i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens	16
<i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army	24
<i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre	39
<i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos	46
<i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research	54
<i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches	61
<i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел»	69
<i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly	77
<i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal	84
<i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development	94
<i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women»)	104

Linguistics

<i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon	120
<i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse	127
<i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots	135
<i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana)	142
<i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 th word info Russian and English: comparative analysis	150
<i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages	157
<i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales	165

Methods of teaching language and literature

<i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry	173
<i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment	183
<i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh)	191

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста	8
<i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах	16
<i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии	24
<i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова	39
<i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе	46
<i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова	54
<i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова	61
<i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел»	69
<i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы	77
<i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп»)	84
<i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития	94
<i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин»)	104

Лингвистика

<i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике	120
<i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса	127
<i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней	135
<i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны)	142
<i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ	150
<i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках	157
<i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок	165

Методика преподавания языка и литературы

<i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности	173
<i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде	183
<i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках)	191

FTAMP 17.07.51

Ә.М. Өскен, Д. Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: asem_a7_95@mail.ru)

Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы

(Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары)

Аңдатпа. Мақалада әдебиетіміздің алаштану саласына байланысты күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер көтеріледі. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары елінің экономикасы мен мәдениетін көтеруде ғылым мен білімді басты назарда ұстады. Осы ұстанымға сай, Тәуелсіздік жылдарынан соң, Алаш зиялыларының еңбектері жан-жақты зерттеліне бастады. Бүгінгі таңда да, Алаш зиялыларының еңбектеріне текстологиялық талдау жасау қазақ әдебиеті ғылымындағы ең өзекті мәселе болып отыр. Мақалада алаштану саласының текстологиялық талдауға зәру екендігі айтылған. Текстология Алаш зиялыларының еңбектерін тереңірек танып-білуге бірден-бір қажет ғылым саласы,- екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Сонымен қатар, мақала авторы Ә.Бөкейханның 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналына жарияланған түпнұсқа мақалаларын алаштанушы-ғалым С.Аққұлының құрастырған нұсқасымен салыстыра отырып, текстологиялық талдау жүргізген.

Түйін сөздер: алаштану, текстология, лақап есім, орфографиялық ерекшелік, тілдік заңдылықтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-84-93>

Кіріспе. Ұлттық әдебиеттану ғылымының алаштану саласы текстологиялық нақтылық пен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл – уақыт және талғамы өскен оқырман талабы. «Тестологиялық зерттеу дегеніміз – тек белгілі бір мәтіндегі қателіктерді, өзгешеліктерді теріп көрсету емес, ол – көркем әдебиет саласындағы әдеби мектептердің, бағыттардың, идеялық қозғалыстардың тарихын зерттеуге, көркемдік стильдердің тарихын тануға мол мүмкіндік беретін ғылым-таным құралы. Мәтін зерттеу – тек ондағы өзгерістерді тауып қою емес, ол өзгерістерді, жаңсақтықтарды, ауытқуларды түсіндіреді» [4, 7 б.]. Ал, соңғы жылдары байқап жүргеніміздей, Алаш зиялыларының шығармашылығында осындай стильдік, идеялық қателіктер мен ауытқулар аз кездеспейді.

Сөзімізге дәлел ретінде Әлихан Бөкейханның 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №1 (16) санында жарияланған «Дін мен мектеп» мақаласын алайық. Бұл материалдың қайта жариялануы стильдік тұрғыдан төмен шыққаны соншалық, белгілі алаштанушылардың өзі оған: «Осы шынымен-ақ Әлиханның мақаласы ма?» - деп, күдікпен қарағаны рас. Біз ғалымдардың да, оқырмандардың да күдігін сейілту үшін текстологиялық талдауға жүгінеміз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Ә.Н.Бөкейханның көзі тірісінде автор ретінде жиі байланыс жасаған «Жаңа мектеп» журналының түпнұсқасын Алматы қаласы, ҚР Ұлттық кітапханасының «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар» бөлімінен алдық. 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Жаңа мектеп» журналының №1-8 сандарында қайраткердің мақалалары «V» деген лақап есіммен беріліп отырған. Олар: №1 (16) санында [2, Б. 22-24] жарияланған «Дін мен мектеп» мақаласы, № 2- (17) санында [3, Б. 67-71] жарияланған «Тарихи затшылдық қисыны» аудармасы (түпнұсқа авторы Н.И.Бухарин), № 3-4 (18-19) санында [9, Б. 23-27] жарияланған «Қазақстанда програм-әдіс жұмысы» мақаласы, № 3-4 (18-19) санында [9, Б. 67-70] жарияланған «Тарихи затшылық қисыны. Қоғам тектерінің (мүшелерінің) арасындағы тепе-теңдік» аудармасы (түпнұсқа авторы Н.И.Бухарин), № 5 (20) санында [10, Б. 71-77] жарияланған «Тарихи затшылық қисыны. Қоғам тектерінің арасындағы тепе-теңдік» аудармасы (түпнұсқа авторы Н.И.Бухарин), №7-8 (22-23) санында [10, Б.62-64] жарияланған «Тарихи затшылық қисыны. Қондырмалар (надстройки) мен

олардың құрылысы (структура)» аудармасы (түпнұсқа авторы Н.И.Бухарин). Біз жұмысымызда түпнұсқа мен С.Аққұлының құрастырған XV томдық шығармалар жинағының XIII томына енген мақалаларын салыстыра отырып, текстологиялық талдау жасауға тырыстық.

Текстологиялық талдауға көшпес бұрын Әлихан Бөкейхан заманының тілдік ерекшеліктеріне тоқталып өтуді жөн санадық.

Мәселенің талқылануы. XX ғасыр басында араб графикасына негізделген А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді. Әр заманның өзіне сай жазу ерекшеліктері, стилі, сөз қолданысы әр түрлі болатыны белгілі. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің жазу үлгісі бүгінгі әдеби тілден өзгеше екендігі көзге ерекше байқалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, «Қазақ» газеті, «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» журналының түпнұсқасында басылған Әлихан шығармаларының лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін бүгінгі таңдағы қазақ тілінің заңдылықтарымен салыстыруды жөн санадық.

1. «П» («پ») дыбысы қазақ сөздерінде кездеспейді, оның орнына «Б» («ب») дыбысын беріп отырады және өткен шақ көсемшенің - *ып*, - *іп*, - *п* жұрнағы әрдайым - *ыб*, - *іб*, - *б* болып жазылады. Мысалы: *деб* (деп), *жауаб* (жауап), *беріб* (беріп), *жіберіб* (жіберіп), *жасаб* (жасап), *табындырыб* (табындырып), *бағындырыб* (бағындырып), *табқан* (тапқан), *бірігіб* (бірігіп), *қараб* (қарап), *боб* («поп» сөзі орыс тілінен енген сөз болғандықтан қазақшалаған). Тиісінше «П» дыбысы орыс немесе басқа да тілдерден енген сөздерде ғана кездеседі. Мысалы: *пролетариат* (пролетариат), *капиталишы* (капиталист), Лапин, *опиұм* (опиум), *Еуропа* (Европа), Египет. Тек, «**Пырақ**» сөзі - «*бұрақ*» сөзі араб тіліндегі – *найзағай*, *жалт-жұлт еткен*, *зулау* мағыналарын білдіретін арабтың قُرْب - «Бәрк» деген сөзінен шыққан [6].

2. «У» («و»), «Й» («ي») дыбыстарының алдына «Ы», «І» («ا») немесе «Ұ», «Ү» («و») дыбыстарын қойып отырады. Мысалы: *шійкілігі* (жіңішке болғандықтан «і»), *еліміуден*, *айналыудан* (орфоэпиялық заңдылық бойынша қалай естілсе солай жазған), **Бұудда** («У» дыбысының алдында қандай сөз болсын «ұ», «ү» кейде «ы», «і» дыбыстары қойылған), сұу, ұу, тұған, ұуақыт, сұуал (сауал), бұуын, шарыуалар, бійлеу, тійісті, таусуға, т.б. Төте жазуында дауысты «и» немесе дауысты «у» дыбыстарының болмағандығын білеміз.

3. «-да» («دا») деген жалғау мен шылауды сөйлемде қолданғанда екеуін де жалғау деп қарастырады. Мысалы: *Үлкендергеде* (дұрысы үлкендерге де болу керек), *шықбайтынынада* (шықпайтынына да), *соғыбда* (соғып та), *сондада* (сонда да), *діндіде* (дінді де), *өйте тұрсада* (тұрса да), *адамда болмайды* (адам да болмайды), *жасауғада* (жасауға да), *мемлекеттіде* (мемлекетті де), т.б. Ал, керісінше «-мен», «-бен», («**мен**», «**бен**») деген шылау мен көмектес септік көрсеткіші екеуі де шылау ретінде қолданылады. Мысалы: *байлар мен астарласқан* (дұрысы «байлармен», «-мен» жалғау болу керек), *тор мен қоршап* (тормен), *құрылысы мен мемлекетті* (құрылысымен), *тас бен атқанды*, *ас бен ат* (таспен, аспен), т.б. Бұл туралы академик Р. Сыздық: «...Мұндай орфограммалық ерекшеліктер XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ жазбаларында жүйелі түрде келеді. Ал жазудағы бұл ерекшеліктер – сонау орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінен келе жатқан дәстүрлі орфограммалар. Бұл дәстүрден қазақ жазуы XX ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап қол үзгенін білеміз» [7, 14 б.],- дейді.

4. Есімшенің - **атын**, - **етін** жұрнағы - *атұн*, - *етұн* ретінде қолданылады. Мысалы: *қалатұн* (қалатын), *шықбайтұнына* (шықпайтынына), *алдыратұн* (алдыратын), *айналмайтұн* (айналмайтын), *тұратұн* (тұратын), *алатұнын* (алатынын), *беретұн еді* (беретін еді), т.б.

5. «Ы», «і» дыбыстары сөздердің тоқсан пайызында кездеседі. Мысалы: *ырас*, *Іресей*, *ірет*, *ылайықты*, *тарыйқына*, *пыролетарыйат*, *қарыу*, *пырогырам*, *мылйон*, *пабрік*, т.б.

6. Өзге тілден, әсіресе орыс тілінен енген сөздерді қазақ тіліне баламалау. Мысалы: *салдат*, *әпесер* (офицер), *зәкөншік*, *міністір*, *содыйа* (судья), *деректір*, *пәбрік* (фабрика), *үйел* (июль), *Пылеқаноб*, *технике* т.б.

7. Қазіргі лингвистикада біріккен сөздер деп аталатын сөздер тобы бірігіп емес, бөлек жазылған. Мысалы: *темір жол, әр бір, кем бағал, көркем өнер*, т.б.

8. Төтеше жазуда үлкен әріп жоқ болғандықтан жаңа сөйлем де адам аты да кіші әріппен басталады. Мысалы: *кутоб, ленин*, т.б.

9. Үтірді (,) қою ережелері бүгінгі қазақ тілінің пунктуациялық ережелеріне сәйкес келе бермейді. Кейде шектен тыс көп үтір қойылса, кейде үтір мүлде қойылмайды. Осыған қарап ХХ ғасыр басында қазақ тілінің әртүрлі салалары (стилистика, лингвистика, лексикология, грамматика, пунктуация) толықтай ретке келтірілмегендігі байқалады.

10. Төтеше жазуда **ф, х, я, ю, ч, ц, щ, ь, ь** сияқты орыс тілінен енген дыбыстар кездеспейді. Тиісінше, бұл дыбыстар ұқсас дыбыстармен алмастырылып отырады.

11. Қазіргі таңдағы қолданылып жүрген көп сөздердің атауында сәл-пәл өзгешелік болған. Мысалы: *жана* (және), *жандық*, т.б. Бұл туралы академик Р. Сыздық: «... бұл күнде **дәреже, тәжірибе, және, мағына, диқан, жәндік, сурет** деген сөздерді 20-жылдары *дара-жа, тажриба, жана (шылау), мағана, диқаншы, жандық, сүгірет* деп қолданылған.

Соңғы жандық сөзі жалпы тірлік иесі (адамнан басқа), оның ішінде жан-жануарлар деген жинақтау ұғымында қолданылған, яғни «жандықтар дегеніміз – қайуандар, құстар, балықтар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа» деп түсіндірілген» [7, 14 б.], -деп жазады.

ХХ ғасыр басындағы дәл осындай тілдік ерекшеліктер тек Ө. Бөкейхан шығармаларында ғана емес, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Телжан Шонанұлы т.б. ғалымдардың шығармаларында даушырасады.

Кезінде діннің атын пайдаланып, түрлі сұмдық іс-әрекеттерге барған молдалар мен бай-шонжарлар туралы «Жаңа мектеп» журналының №1 (16) санында [2, Б. 22-24] жарияланған Ө. Бөкейханның «Дін мен мектеп» атты түпнұсқа мақаласын әлихантанушы С. Аққұлы құрастырған [1, Б. 336-337] көптомдықтағы мақаламен салыстырып, төмендегіше текстологиялық талдау жүргіздік.

Талдау мен нәтижелері

№	С.Аққұлы құрастырған жинақта	«Жаңа мектептегі» түпнұсқада	Ескертпе мен түсініктер
1	«Дін – адам баласын, еліттіріп, басын айналдыратын апиын»	«Дін - адам баласын, еліттіріб басын айналдыратұн апиұм»	Ө.Бөкейхан «опиум» сөзін тікелей аударып, қазақшалап отыр. Демек «апиын» сөзі ХХ ғасырдың 20 жылдары толық қолданысқа түсе қоймаған кезі болса керек. Кейінгі құрастырушы С.Аққұлы ХХІ ғасыр оқырманына түсінікті болу үшін түпнұсқадағы «апиұм» сөзін «апиын» деп жазып отыр.
2	«... елді тарту-таралғы, силық беруге...»	«... елді тарту-таралғы, сыйлық беруге...»,	Төте жазуда «ы» таңбасы кейде әріптердің арасында көзге көрінбей де қалады. Сол себепті құрастырушы тастап кетті немесе кейінгі заманның жазу ыңғайына бағындырған.

3	«Елдің ең білімі артып, ел тіршілік сақтау тартысында...»	«Елдің аң білімі артыб, ел тіршілік сақтау тартысында...»	Шынында «аң білімі» деу түсініксіз көрінеді. Сондықтан құрастырушы бұл сөздің баспадан немесе автордан кеткен «қате екен» деп, «ең» нұсқасында ұсынған. Рас, «ең» - күшейтпелі шырай, «көп, аса» сөздерімен синонимдес. Алайда ескі әдеби тілде сақталған «аңлау», «аңдатпа» деген сөздер де бар. Мағынасы – «санамен ұғу».
4	«...Билермен жәрдемдескен»	«...Байлармен жәрдемдескен»	Дұрысы «билермен» емес, «байлармен» болу керек. Себебі, біріншіден, түпнұсқада солай берілген, екіншіден, бұл жерде автор молдалар мен байлардың астарласқанын айтқан, ал билер туралы сөз қозғалмаған.
5	«Иса шыққан, Исаны құдайдың баласы деген. Ел Исаның алдына тізе бүгіп, бас ұрған»	«Айса шыққан, Айсаны құдайдың баласы деген. Ел Айсаның алдына тізе бүгіп, бас ұрған»	Жоғарыда айтылған «апиын» сөзіндегідей, XX ғасыр басында қазақ қоғамы Исаны «Айса» деп атаған. Кейінгі құрастырушы да оқушыға неғұрлым түсінікті болу үшін «Иса» деп берген. Біздіңше, түпнұсқаны сақтағанымыз орынды. Тіпті түсініксіз деп ойласа, былай бергені дұрыс: Айса (Иса), апиұм (апиын) т.б.
6	«Елдің оң бетін соғып та мал тапқан. Солбетін соғып та мал тапқан»	«Елдің оң бетін соғып та мал тапқан, сол бетін соғып та мал тапқан»	Құрастырушы сөйлемді күрделі сөйлем емес, жай сөйлем етіп берген. Бірақ мына контексте құрмалас сөйлем анағұрлым дұрыс.
7	«Исаның бас айналдыратын ойы азая бастаған»	«Айсаның бас айналдыратұн ұуы азайа бастаған»	«У» - апиын. Автор осыны айтқысы келген. Төтешеәліпбидегі «ұ» (« u ») мен «о» (« o ») таңбалары ұқсас болғандықтан, құрастырушы шатастырған болуы ықтимал.
8	«Аспанға ұшқан (аэроплансыз) ауасыз аспанның... намазың қаза қалса «дайүш ақша», оразаң қаза қалса «дайүш ақша»... құдай қандай екен деп...»	«Аспанға ұшқан (айырплансыз) ауасыз аспанның... Намазың қаза қалса «дайош ақша», оразаң қаза қалса «дайош ақша»... Құдай қандай екен деб...»	Төте жазуда бас әріп деген ұғым болмағандықтан да, келесі сөйлем кіші әріппен беріле береді. Ал, құрастырушы кирилл қаріпінде ондай қателік жібермеу керек. «Ү» мен «О» әріптерінің ұқсас болғандығынан, құрастырушы орыстың «даешь» сөзін қазақ тілінде мағынасы жоқ «дайүш» сөзімен алмастырған.

9	«... құдайдың жаны жоқ, тәні жоқ, орны жоқ, заты жоқ көлемі жоқ, өңі жоқ, сөлі жоқ...»	«... құдайдың жаны жоқ, тәні жоқ, орны жоқ, заты жоқ көлемі жоқ, оңы жоқ, солы жоқ...»	Сөйлемнің мағынасына қарай түпнұсқадағы «оң» мен «сол» сөздері сөйлемді толықтай ашып тұр.
10	«... шелпек пысырыпсыбаға дайындайды»	«... шелпек пісірібсыбаға дайындайды»	Төте жазуда «ы» мен «і» дыбыстарының айырмасы тек сөз басында тұратын дәйекшеде аңғарылады. Бұл жерде (теру барысында) құрастырушы немесе редакция қате жіберген деп ойлаймыз.
11	«...молда «Лаина-аскауи» оқып,...»	«...молда «лайастауи» оқыб,...»	Құран сүресінің атын құрастырушы шатастырған. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді.
12	«Бейнет қазанында қайнап шыққан. Ұйымдасқан жалшылар тайна дін... .. бере алмаған»	«Бейнет қазанында қайнап шыққан, ұйымдасқан жалшылар табына дін үлкен әсер бере алмаған»	Мақаланың мазмұны бойынша, автор діннің қоғамдағы маңызы жайлы айтып отыр. Сондықтан «табы» деген дұрыс.
13	«... Лапин деген мұжық (баяғыда) зәбірге шыдамай құры шығайын деген жандаралды өлтірген»	«... Лапин деген мұжық (баяғыда) зәбірге шыдамай Қорошқин деген жанаралды өлтірген»	Лапин деген орыс мұжығының генералды өлтіргені туралы жазылған. Құрастырушы түпнұсқада шрифтердің майда болып көрінгенінен, кісі атынайқындай алмаған.
14	«Өйте тұрса да Еуропада діннің көбісі сөгілулі»	«Өйте тұрса да еуропада діннің көбесі сөгілулі»	Қазақта сауыттың тігілген тігісін көбе деп атаған. Автор«дінге деген сенім тоқырауға ұшырады» деп айтқысы келген. Редакциядан кеткен қателік деп білеміз. Себебі, автордың басқа мақалаларындағы «көбені» құрастырушы дұрыс жазған.
15	«Поп өкіметке айтқан. Өкімет Лапинді дарға асқан»	«Поп үкіметке айтқан. Үкімет Лапинді дарға асқан»	«Өкімет» пен «үкімет» сөзінің түрлі мағына беруі - кейінгі заманның жемісі. XX ғасыр басында «хүкімет» немесе «үкімет» деп жазылған.

V. «Жаңа мектеп», 1927 жыл, №1 (16). Қызылорда. 22-24 б.

Ә. Бөкейхан 1911 жылға дейін қоғамдық-саяси маңызы бар мақалаларын «Сибирские вопросы», «В мире мусульманства», «Голос степи», «Степной пионер», «Иртыш», «Степной край» сынды газет-журналдарына орыс тілінде жариялап отырды. Ал, 1913 жылдан бастап «Қазақ», «Абай», «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» сияқты газет-журналдарға мақалаларын қазақ тілінде жазып отырған. Сарапқа салып, ақиқатына келсек, Әлихан-ның қазақ тіліндегі мақалаларынан орыс тіліндегі мақалалары сәтті шыққандай көрінеді. Бірақ мұның қилы-қилы астары, негіздері бар (мұны біздегі жазба стилінің қалыптасып-дамуымен түсіндіру қажет болады).

Текстологиялық талдау «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №1 (16) нөмірінде «V» деген лақап есіммен жарияланған алаш тұлғасының «Дін мен мектеп» атты мақаласы осыған дейін арагидік «бұл еңбек Әлиханнның мақаласы емес» деп айтылып қалатын пікірлердің негізсізекенін көрсетті.

Енді бір ғана мақаламен шектелмей, Ә.Бөкейханның «V» деген лақап есіммен «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы № 3-4 (18-19) санында [9, Б. 23-27] жарияланған «Қазақстанда програм-әдіс жұмысы» еңбегіне де тоқтала кетейік. Мақалада шетелдік оқу жоспары жүйеленбеген күйі мемлекеттік оқу жоспары ретінде қазақ мектептеріне асығыс енгізілгендігі сөз болады. Стилдік, грамматикалық қателерге байланысты мақаланың кейбір тұстарын түсіну қиынға соқты. Сондықтан түпнұсқа мен С. Аққұлы құрастырған нұсқаны [1, Б. 345-348] салыстыра отырып, текстологиялық талдау жүргізіп көрейік.

№	С.Аққұлы құрастырған жинақта	«Жаңа мектептегі» түпнұсқада	Ескертпе мен түсініктер
1	«Госпрограмның [государственная программа – мемлекеттік бағдарлама]»	«Г. О. С. прагырамның»	Автор «госпрограм» сөзін қысқарған сөз деп түсініп, солай берген.
2	« ... Маркс жолымен зерттеу, ... білімді ойластыруға (құруға) жаттықтыруға тәрбиелеу... »	« ... Маркс жолымен зерттеу, ... білімді ойластыруға (құрауға) жаттықтыруға тәрбиелеу... »	«Құрау» - ойлау сөзінің синонимі. Бізде «ойдан құрау» деген тіркес бар. Ал «құру» – бір нәрсені құру, қолмен жасап шығаратын іс-қимыл.
3	«Бір Қазақстанда осы Госпрограмына түсе бастағалы бір талай заман болды»	«Біз Қазақстанда осы Г.О.С. прагырамына түсе бастағалы бір талай заман болды»	Автор «Біздің Қазақстанда госпрограмға түсе бастағалы көп уақыт болды», -деп айтқысы келген.
4	« ... біз жалпы мұғалімдердің мұғалімдік күшін, басқаша айтқанда дайындығын, артық бағалап жібергенбіз»	« ... біз жалпы мұғалімдердің мұғалымдық күшін, басқаша айтқанда дайындығын артық бағалап жібергенбіз»	Мұғалім сөзі «ғалым» сөзінен шыққан. «Бұл» деген сілтеу есімдігі ХХ ғасырдың басында «Бұ» деп айтылған, яғни «бұл ғалым». «Б» мен «м» ұяң дыбыстары сөз қолданысында бір-бірімен алмасып жүре беретіні қазақ тілінің заңдылығынан белгілі. Құрастырушы қазіргі қолданысқа сай өзгерткен.
5	«Бұл әдет біздің кей бір губернияларда да болды. Бірақ мұнымен қатар госпрограмын не дәуір жағдайына, мұғалімнің жалпы біліміне икемдеп...»	«Бұл әдет біздің кей бір губернялерде де болды. Бірақ мұныңмен қатар Г.О.С прагырамасын не дәуір жағдайға, мұғалімнің жалпы біліміне икемдеп...»	Ә. Бөкейханның өзіне тән стилі, ол өз мақалаларын II жаққа қарата отырып жазады. Түпнұсқа мақалалардың тоқсан пайызында сол ерекшелікті байқауға болады.

6	«Оқытушылардың үйрене, ысыла келе бұл жолмен істі алып баралатындығы анықталды»	«Оқытушылардың үйрене, ысыла келе бұл жолмен істі алып бара алатындығы анықталды»	Құрастырушы орфоэпиялық ережеге сай жазған.
7	«... әуелі он екі нұсқадан бірі жоқ қазақ мектептерін бірі ыңғайлап ала-лық деген»	«... әуелі он екі нұсқадан бірі жоқ қазақ мектептерін бір ыңғайлап алалық деген»	«Ешқандай дайындығы жоқ мектептер» деген мағынада жазылған.
8	«Әсіресе жаттығу жақсы қойылған сияқты. Бұған «шүкіралла» жасаймыз»	«Әсіресе жаттығу жақсы қойылған сияқты. Бұған «шүкірана» жасаймыз»	Халыққа діннен гөрі ғылымның берері мол деп санаған Ә. Бөкейханның сөздік қорында «Алла» сөзі көп кездеспейді. Ал, «Шүкірана» мен «шүкіралла» сөздері бір-біріне синонимдес сөз болғандықтан, «шүкірана» сөзін қолданған тиімдірек деп санаған болуы керек.
9	«Білім ордасының программасы да Госпрограммасының негізі жолы, комплекс жолы бұзылған жоқ»	«Білім ордасының прагырамасында Г.О.С. прагырамасының негізі жолы, комплекс жолы бұзылған жоқ»	Мектептер мен оқу орындарының программаларындағы ГОС програмының рөлі жайлы айтылған.
10	«Көлемі қысқартылулы, шағындалулы, жаттығу сабағы өлкен орын алулы»	«Көлемі қысқартылулы, шағындалулы, жаттығу сабағы үлкен орын алулы»	ГОС програмға енетін материалдардың қысқартылып кету салдары айтылған. Төте жазуында «ө» мен «ү» әріптерінің айырмашылығы дәйекшесінде ғана болғандықтан, құрастырушы шатасқан болуы керек.
11	«Бұл сенімімізге тірек – мұғалімдердің «Жаңа мектеп» журналына программ әдісі туралы мақалалар жаза бастауы»	«Бұл сенімімізге тірек – мұғалімдердің «Жаңа мектеп» журналына прагырам әдісі туралы мақалалар жаза бастауы»	XX ғасыр басындағы тілдік заңдылықтарда орфоэпиялық тұрғыда жазу үлгісі молырақ сақталған.

V. «Жаңа мектеп», 1927 жыл, №3-4 (18-19). Қызылорда. 23-27 б.

